

Г.Б. Асетова<sup>1\*</sup> , Г.А. Ильясова<sup>2</sup> 

<sup>1,2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: [gulnur\\_asetova@mail.ru](mailto:gulnur_asetova@mail.ru), [g.iliasova@mail.ru](mailto:g.iliasova@mail.ru))

<sup>1</sup>ORCID ID: 0009-0000-0337-3660, Scopus Author ID: 57212001073

<sup>2</sup>ORCID ID: 0000-0002-8843-2515, Scopus Author ID: 56192012500

## Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау мәселелері

Мақала Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды талдауға арналған. Сот арқылы қорғау құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген негізгі құқықтардың бірі. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын кәсіпкерлерді сот арқылы қорғаудың маңызы зор, өйткені бұл олардың мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілердің заңсыз әрекеттерінен қорғау құқығын ғана емес, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының өзектілігі кәсіпкерлер тарапынан ұзақ мерзімді сот процестеріне, соттардың шамадан тыс жүктелуіне, сот шешімдерін орындау мәселелеріне, сондай-ақ құқықтық сауаттылықтың төмен деңгейіне қатысты өсіп келе жатқан сынмен байланысты. Мақаланың мақсаты Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау мәселелерін анықтау және оларды шешу жолдарын табу. Зерттеудің міндеттері құқықтық ережелерді талдау, сот тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет үшін құқықтық ортаны жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Жұмыста дауларды шешудің баламалы әдістерін жетілдіруді, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруды және тұтастай алғанда сот жүйесін жетілдіруді қоса алғанда, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға байланысты негізгі мәселелер қарастырылған. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік құндылыққа ие және құқық қорғаушыларға, кәсіпкерлермен өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдарға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қызықты болуы мүмкін. Олар бизнес ортасын жақсартуға және құқықтық қорғауды күшейтуге ықпал ете алады.

*Кілт сөздер:* кәсіпкер, кәсіпкерлік қызмет, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, кәсіпкерлік құқық, соттық қорғау, сот, бизнес, құқықтар мен бостандықтар, кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

### *Kipicne*

Қазіргі жағдайда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мемлекетпен қарым-қатынасы өзара әрекеттесу тетігі деп аталатын белгілі бір жүйе шеңберінде жүзеге асырылады, оның басты мақсаты жеке және қоғамдық мүдделерді келістіру арқылы өзара пайда алу. Кәсіпкерлік пен жария билік субъектілерінің өзара іс-қимыл механизмдерін айқындайтын ең жоғары құндылық адам мен азаматтың, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 1-бабында өзін жариялаған құқықтық мемлекеттің міндеті бұзылған құқықты әділ және тез қалпына келтіру ғана емес, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеу. Осылайша, мемлекеттің кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін құруы олардың өзара әрекеттесу процесінің қажетті және маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Демек, адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып табылатын қазіргі қоғамда соттық қорғауына конституциялық құқықтың кепілдігі мен мызғымастығы «әркімге оның құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға кепілдік беретін» құқықтық мемлекет құрылымының негізі болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы) [1]. Осы тектес ережелер Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының № 217 А (III) резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында қамтылған [2].

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық әдістерінің жиынтығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында, Азаматтық, Кәсіпкерлік кодекстерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген кәсіпкерліктің құқықтық режимінің ажырамас бөлігі. Сонымен бірге кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың әр түрлі тәсілдері жеке құқықтық институттарға кіреді, олардың

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: [gulnur\\_asetova@mail.ru](mailto:gulnur_asetova@mail.ru)

нормалары кәсіпкерлік қызмет саласындағы қатынастарды реттейді. Қазақстандағы кәсіпкерлік сөзсіз, маңызды салалардың бірі. Оның қолайлы дамуымен біздің экономикамыз бәсекеге қабілетті және тиімді болады деп күтуге болады.

Кәсіпкерлік — бұл мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған дербес, өз тәуекелімен жүзеге асырылатын бастамашыл қызмет. Бұдан кәсіпкердің өз қызметі бағытталған оң нәтиже алмау ықтималдығы бар екендігі шығады. Оған қол жеткізудің бірден бір кепілі берілген құқықтарды кедергісіз жүзеге асыра отырып, қорғауды қамтамасыз ету. Осы орайда кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау нысандарын талдай отырып, тиімді тетіктерін анықтау зерттеу жұмысының негізін қалыптастырмақ.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлердің сот арқылы қорғалу құқығы тұрақты және ашық кәсіпкерлік ортаның негізі екені анық. Кәсіпкерлер үшін сот арқылы қорғану дауларды болдырмау, алдын алу мен шешудің, сонымен қатар олардың мүдделерін жеке және заңды тұлғалардың да, мемлекеттік органдардың да заңсыз араласуынан қорғаудың маңызды тетігін білдіреді. Қазақстан дамушы құқықтық жүйесі бар ел ретінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын сот арқылы қорғауды тиімді қамтамасыз ету саласында әрине түрлі сындарға тап болады. Бұл зерттеу жұмысында мәселелерді анықтауға, олардың себептерін талдауға және шешімдерді ұсынуға баса назар аудара отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлік құқықтарды сот арқылы қорғаудың негізгі қырлары қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды зерттеу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну, сонымен қатар соттық механизм арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын іске асырудың тәжірибелік қырларын талдау. Жұмыстың маңызды қыры қолданыстағы сот тәжірибесінің тиімділігін және сот жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды бағалау.

#### *Әдістер мен материалдар*

Жүргізілген зерттеудің дұрыстығы және авторлардың дәлелдерінің негізділігі танымның эмпирикалық және теориялық әдістерін (сипаттау, талдау, синтез, индукция, дедукция) қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Жалпы ғылыми әдістерден басқа, зерттеу жұмысында арнайы — құқықтық әдістері қолданылды, олар: ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдар М.К. Сулейменовтің, С.П. Мороздың, В.Ф. Яковлевтің мерзімдік басылымда жарияланған ғылыми мақалаларына талдаулар жасалды.

Зерттеу жүргізу материалдарына «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі», 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ; «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі», 2015 жылғы 31 қазандағы қабылданған № 377-V ҚРЗ пайдаланылды.

#### *Талқылаулар*

Кәсіпкерлік өз тәуекелімен жүзеге асырылатын және жүйелі түрде таза пайда табуға бағытталған тәуелсіз бастамашыл қызмет ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген конституциялық құрылымның негізін құрайтын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың бір түрі. Кәсіпкерлік қызметті дамыту еліміздің мемлекеттік саясатының басты бағыты болғандықтан, оған дәлел мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында әр уақытта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға қатысты міндеттер қоятындығы, атап айтқанда «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында [3] баса назар аударуы, мемлекет кәсіпкерлікті дамытудың тиісті кепілдіктерін көтермелеп, қамтамасыз етуі, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауы керектігін айқын көрсетеді.

Бұл мәселені тереңірек талдай отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерін зерттеушілер кәсіпкерлік қызмет пайда табуға бағытталғандықтан, уақыт пен материалдық шығындарды кірістермен сәйкесінше өлшеуді талап ететіндігін дұрыс атап өтті. Осы ерекшеліктерге байланысты «кәсіпкерлік қызмет, бір жағынан, кәсіпкерлерге қойылатын талаптардың жоғарылауын, екінші жағынан, үлкен еркіндік пен әрекет ету ережелерін жеңілдетуді көздейді. Тиісінше, кәсіпкерлік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру қарапайым және жедел шаралар мен рәсімдерді талап етеді» [4; 199].

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау деп олардың иелерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру немесе тану жөніндегі нормативтік белгіленген шаралардың (тетіктердің) жиынтығы түсініледі, олар белгілі бір нысандарда, белгілі бір тәсілдермен, заңмен белгіленген шекараларда, бұзушыларға заңдық жауапкершілік шараларын, сондай-ақ осы шараларды іс жүзінде іске асыру (орындылығы) тетігін қолдана отырып жүзеге асырылады. Құқықтарды қорғау тәсілдері деп бұзылған құқықтарды қалпына келтіру немесе тану жүргізілетін және құқық бұзушыға ықпал ету жүзеге асырылатын заңмен бекітілген мәжбүрлеу сипатындағы материалдық-құқықтық және іс жүргізу шаралары түсініледі. Кәсіпкерлік құқықтарды қорғаудың материалдық-құқықтық тәсілдері — бұл материалдық құқықтың қорғау нормаларына сәйкес құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимыл тәсілдері.

Қорғаудың іс жүргізу тәсілдері — бұзылған құқық туралы дауды қарау процесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін тәсілдер. Солардың бірі біздің зерттеу жұмысымыздың арқауы болып отырған кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау.

Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды реттейтін негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясында, Азаматтық, Кәсіпкерлік, Азаматтық процесілік кодексте, сондай-ақ өзге де бірқатар нормативтік құқықтық актілерде қамтылған.

Әрекет етуші кәсіпкерлік заңнамаға сәйкес, әрбір кәсіпкерлік субъектісінің өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға құқығы бар [5], яғни кәсіпкерлік қызмет субъектілері бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Белгілі бір елде сот төрелігін жүзеге асырудың әртүрлі ұйымдық нысандарының дамуының салдары сот ұйымының көп жүйелілігі, оның ішінде соттардың әр түрлі дауларды шешуде терең мамандануы, олардың жекелеген санаттарын белгілі бір белгілер бойынша бөлу осы қатынастардың қоғам өмірі үшін маңыздылығына байланысты. Бұл процесс экономикалық өмірі дамыған және оған сәйкес құқықтық жүйесі бар әртүрлі елдерге тән.

В.Ф. Яковлевтің жалпы және мамандандырылған соттарды құру жалпыеуропалық стандарттарға сәйкес келетін демократиялық сот жүйесін құру ережесі [6; 11] деген пікірді алға тартқаны кездейсоқтық емес, демек судьялардың істердің қандай да бір санатына мамандануы бұл істердің жалпы юрисдикциялық соттарға қарағанда жоғары кәсіби базада осындай соттарда қаралатынын дәлелдейді.

Осы орайда айтар болсақ, заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар (дара кәсіпкерлер), сондай-ақ Қазақстан Республикасында заңды тұлғалар тараптары болып табылатын мүлктік және мүлктік емес даулар бойынша азаматтық істерді қарау үшін мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Яғни, экономикалық соттарды құру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі екінші мәжілісінің кеңестері мен ұсыныстарын орындау жөніндегі шаралар туралы» № 95 Өкімінде көрсетілген еді. Осыған орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 535 Жарлығымен байқап көру ретінде Алматы және Қарағанды қалаларында ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттар құрылған болатын [7]. 2001 жылғы маусымда өткен Қазақстан судьяларының үшінші съезінде республиканың Тұңғыш Президенті мамандандырылған соттар жүйесін — бірінші кезекте экономикалық және әкімшілік соттарды кезең-кезеңмен құру жөніндегі жұмысты жалғастыру міндетін қойды. Байқап көру ретінде құрылған экономикалық соттардың 2001 жылғы қызметін талдау республиканың барлық облыстары мен Астана қаласында экономикалық соттарды құру орынды болатынын көрсетті. Соған сәйкес, мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы № 803 Жарлығына сай Астана қаласында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қолданыстағы заңдарға сәйкес экономикалық дауларды қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды [8; 299]. Қазіргі кезде экономикалық соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті құқықтық база жасалды, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу заңнамасына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, онда бұл соттардың қарауына жататын істер айқындалған.

Жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесіне тоқталар болсақ, оның ішінде аталған соттарда қарастырылатын істерді саралау арқылы, кәсіпкерлердің көпшілігі өз құқықтарын сот арқылы қорғау

процесінде бірнеше негізгі мәселелерге тап болатындығы айқындалды. Оның бірі, сот процестеріндегі кідірістер, демек, экономикалық дауларды қараудың орташа уақыты ақылға қонымды мерзімдерден едәуір асып кетеді, бұл әрине кәсіпкерлер үшін қосымша шығындарға әкеледі.

Осы орайда нақтылайтын болсақ, біздің мемлекетіміздегі сот төрелігінің жай-күйі және азаматтық құқықтарды қорғау туралы теріс пікір қалыптастырудың себептерінің бірі соттың ұзақ мерзімді шешім қабылдауы. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 10 маусымдағы № 342-VI Қазақстан Республикасының Заңымен (ҚР АПК 150-бабы) азаматтық құқықтарды қорғаудағы жағдайды одан әрі нашарлатты, өйткені қазір 5 күннің орнына сотта татуластыру рәсімдерін қолдану үшін 10 жұмыс күні бар және тек теріс нәтиже болған жағдайда ғана іс жүргізуге талап қоюды қабылдау туралы ұйғарым шығарылады. Бұл ереже азаматтар мен заңды тұлғалар өкілдерінің сот жүйесіне деген сеніміне теріс әсер етеді және жалпы сот төрелігінің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етпейді [9; 17]. Сонымен қатар, сот шешімдерін орындаудың тиімсіздігі, яғни кейбір жағдайларда кәсіпкерлердің пайдасына шығарылған шешімдердің уақытылы орындалмауы немесе әкімшілік кедергілердің орын алуы. Тағы бір мәселе, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының төменділігі, көптеген кәсіпкерлік қызмет субъектілері өздерінің құқықтары мен оларды қорғау мүмкіндіктерін білмеуі, ол өз кезегінде олардың мемлекеттік органдардың немесе өзге де тұлғалардың құқық бұзушылықтарына қарсы тұру қабілетін қиындатады. Сондай-ақ, соттардың шамадан тыс жұмысбастылығы, соттарда қаралатын істердің көптілігі, бұл сот ісін жүргізудің сапасын төмендетеді және ұзақ кідірістерге әкеледі. Бізбен жүзеге асырылған бақылауларға сәйкес бұл мәселелердің жүйелі екенін көрсетті және оларды шешу сот жүйесі мен кәсіпкерлерге арналған білім беру бағдарламаларын жетілдіруге кешенді қарауды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты кәсіпкерлердің өз құқықтарын сот арқылы қорғаудағы негізгі мәселелерін анықтау және оларды шешудің нақты шараларын ұсыну, зерттеу барысында жоғарыда аталғандай соттардың шамадан тыс жүктемесі, істерді қараудың кешігуі және құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі сияқты негізгі мәселелер анықталды, осылайша зерттеу нәтижелері мәлімделген мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Осыған сәйкес жұмыстың негізгі тұжырымдамасы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды жақсарту.

### *Нәтижелер*

Азаматтық құқықтарды қорғау сияқты, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі әмбебап нысаны сотқа жүгіну. Сот арқылы қорғау — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың элементтерінің бірі.

Осы орайда О.Я. Белявскаяның «сот арқылы қорғау — бұл адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың бір әдісі. Ол арнайы органдар, яғни соттармен жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметтің дербес бағыты болып табылады», [10; 17] – деген пікірін орынды деп санаймыз.

Сонымен қатар, Ю.О. Столярова сот қорғау институты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың қазіргі заманғы конституциялық кепілдіктер жүйесінің маңызды элементі болып табылатынын атап өтеді [11; 1511].

Сот қорғау нысаны мемлекет уәкілеттік берген органдардың бұзылған немесе даулы құқықтарды қорғау жөніндегі қызметі деп түсініледі. Оның мәні құқықтары мен заңды мүдделері заңсыз әрекеттермен бұзылған тұлға бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдауға уәкілетті мемлекеттік немесе басқа құзыретті органдарға қорғау үшін жүгінеді.

Соттық қорғау жүйесінің негізгі элементтерінің бірі соттар мен сот төрелігінің тәуелсіздігінің болуы, бұл кәсіпкерлердің мүдделерін мемлекеттік құрылымдардың араласуынан қорғауға кепілдік береді. Сонымен қатар, Қазақстанның құқықтық жүйесі дамуын жалғастырып жатқанымен жетілдіруіне қарамастан, кәсіпкерлер сот органдарында өз құқықтарын іске асыру кезінде бірқатар қиындықтарға тап болатынын ескеру қажет.

Атап өткеніміздей, кәсіпкерлік қызмет субъектілері өздерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, оларды қалпына келтіріп және алдын алу үшін азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады. Егер Қазақстан Республикасының

Азаматтық процестік кодексінде және өзге де заңнамаларына сәйкес оларды қорғау өзге сот тәртібімен жүзеге асырылмаса, соттар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау туралы істерді қарайды.

Соттар азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық, жер қатынастарынан, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау қатынастарынан және өзге де құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапқа үстемдік бағынуына негізделген қатынастардан туындайтын даулар бойынша талаптарды қарайды. Сондай-ақ, сотта мемлекеттік орган мен оның лауазымды тұлғасы қабылдаған актіге дау айтылуы мүмкін. Соттар сонымен қатар, ерекше іс жүргізу тәртібімен істерді қарайды, кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сот арқылы банкроттығы, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, олардың оңалтылуы, банкроттығы, оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы іс жүргізу (Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 42-тарауы) [11] сияқты істердің санаттарын бөліп көрсетуге болады.

Ерекше атап кететін болсақ, тараптардың кәсіпкерлік қызмет субъектісі, яғни заңды тұлға құрмай кәсіпкерлікпен айналысатын дара кәсіпкерлермен және заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес дауларды мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар қарайды және шешеді. Осылайша, даулы құқықтық қатынастардың сипаты және даудың мазмұны — тараптардың субъективті құрамы ретінде соттылықтың негізгі белгісі қалыптасады. Дегенмен, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді ескеру қажет.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істерді, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді де қарайды [12].

Мамандандырылған соттар құру туралы шешім елдің нарықтық экономикаға көшуімен мемлекет қызметінің көптеген салаларын құқықтық реттеу айтарлықтай өзгеріп, соттың азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы рөлі күшейгендіктен туындады — соттарда қарау үшін құқықтың белгілі бір салаларында мамандандыру қажет болатын өтініштер саны өсті, бұл судьялардан заңнаманың кең көкжиегін, құқықтың нақты салаларының теориялық мәселелерін де, оларды қолдану тәжірибесін де терең білуді талап ететін құқық қолдану процесінің күрделілігіне байланысты.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар ұзақ уақыт бойы өз мақсаттарын ақтады. Мұндай соттар қызметінің тар бағыты судьяларға басқа істерге алаңдамай, экономикалық даулардың ерекшелігі мен күрделілігіне үңілуге мүмкіндік береді, бұл тұтастай алғанда республика бойынша істердің осы санаты бойынша сот төрелігін іске асыру сапасына оң әсерін тигізді, алайда мұндай соттардың соттылығын айқындаудағы мәселелер іс жүзінде орын алуда. Аталған азаматтық істің соттылығын анықтау үшін дау кәсіпкер азаматтар арасында немесе ұйым мен кәсіпкер азамат арасында пайда болуы керек. Қалыптасқан сот тәжірибесі бойынша, егер даудың тарабы кәсіпкер болып табылмайтын кемінде бір жеке тұлға болып табылса, мұндай дауды мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотта қарауға болмайды және аумақтылығы бойынша аудандық сотқа беруге жатады. Әрине ол өз кезегінде бірқатар мәселелер тудырады, оның ішінде уақыт алушылық пен әкімшілік кедергілердің пайда болуы.

Субъективті азаматтық құқықтарды қорғау бойынша Қазақстан Республикасында азаматтық сот ісін жүргізуді одан әрі жаңғыртуға ұлттық сот ісін жүргізуге заманауи цифрлық технологияларды енгізу және электрондық сот төрелігін қалыптастыру оң әсер етеді. Оны құқықтық қамтамасыз етуге «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 10 маусымдағы № 342-VI Қазақстан Республикасының Заңы бағытталған [13; 67]. Өздеріңіз білетіндей, пайда болған азаматтық-құқықтық, ең алдымен мүліктік дауларды жедел шешу мәселесі кәсіпкерлік қызметте өте өзекті болып отыр. Сондықтан Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне жоғарыда аталған заңмен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сот отырысында техникалық құралдарды пайдалануды кеңейтуге, тараптардың тең құқықтылығы мен соттың бейтараптығы қағидатын

міндетті түрде сақтай отырып, процестік үнемдеуді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Дегенмен, оның жеткілікті емес екенін көрсетеді.

Әрине, сот арқылы қорғауды арнайы жасалған әмбебап құқықтық механизм ретінде қарастырған жөн. Сонымен бірге, құқықтанушы ғалымдар, қорғау құқығын жүзеге асыратын субъектінің құқықтық жағдайына байланысты, сотпен бірге азаматтық құқықтарды қорғаудың әкімшілік, төрелік, нотариаттық және қоғамдық нысандарын бөледі. М.К.Сүлейменов субъективті азаматтық құқықтарды қорғауда мынадай нысандарды қамтиды: юрисдикциялық (жалпы тәртіп), әкімшілік (арнайы тәртіп), сондай-ақ құқықтық емес нысан-азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау [14; 13] немесе азаматтық құқықтарды, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудағы балама тәсілдер. Осы тұста кейбір елдерден айырмашылығы, Қазақстан сот жүйесіндегі реформаларды және медиация мен төрелік сияқты дауларды шешудің баламалы әдістерін дамытуды қоса алғанда, сот қорғауын жақсартуға қадамдар жасауда екенін айта кеткен жөн.

Сонымен қатар, ТМД-ның басқа елдерінде жүргізілген зерттеулер арасындағы елеулі айырмашылықтардың бірі кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының рөліне баса назар аудару. Зерттеу жұмыстарының көпшілігінде құқықтық сауаттылық мәселесі. Қазақстанда, авторлардың пікірінше, кәсіпкерлер арасында қорғаудың құқықтық тетіктерін жете бағаламау тиімді сот қорғауына кедергі келтіретін себептердің бірі. Бұл кәсіпкерлер өз құқықтарын білмей, тек соңғы шара ретінде сотқа жүгінуге мәжбүр болған жағдайлардың мысалында көрсетілген, бұл олардың дау-дамайдағы жағдайын едәуір нашарлатады.

Көптеген зерттеулерде соттардың шамадан тыс жүктемесі ТМД елдеріндегі сот жүйесінің негізгі мәселесі ретінде тану. Сот процестерінің кешігуі барлық жерде тіркеледі, бұл кәсіпкерлер үшін қосымша шығындарға әкеледі және сот жүйесіне деген сенімді төмендетеді.

Басқа жұмыстарда келтірілген деректерге сүйенсек, әсіресе соттардың шамадан тыс жүктемесіне, сот шешімдерін орындаудағы қиындықтарға және істерді қараудың ұзақ мерзімдеріне қатысты мәселелермен келісуге болады. Бұл мәселелер ТМД елдерінің көпшілігінде жиі кездеседі және көптеген зерттеулермен расталады. Дегенмен, бұл мәселені судьялардың санын көбейту немесе сот инфрақұрылымын кеңейту арқылы шешуден гөрі, дауларды шешудің балама әдістерін кеңінен енгізу арқылы болады деген пікірмен көбірек келісеміз. Осы баламалы тетіктер белсенді дамып келе жатқан Қазақстанның үлгісі оларды енгізу кәсіпкерлік дауларды шешу процесін едәуір жеделдете алатынын растайды.

### *Қорытынды*

Құқықтық реттеудің жекелеген олқылықтарының болуына және мемлекеттік саясаттың анық болмауына қарамастан, сот арқылы қорғау қоғамдық тәртіпті сақтаудың, конституциялық құрылыстың негіздерін қорғаудың маңызды құралы болып қала береді және адам мен азаматтың, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігінде орталық орын алады. Елде жүргізіліп жатқан сот реформалары Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес азаматтардың құқықтық қорғалуын және қоғам мен мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі сот органдарының рөлін арттырудың алғышарты болады деген сенімдеміз.

Қорытындылай келе, кәсіпкерлікті қорғау саласында әлі де көптеген мәселелер бар деп айтуға болады. Мысалы, кәсіпкерлікті қолдаудың бағдарламаларын толық қанды жүзеге асырмау, оларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі, қолдау көрсету кезінде кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу, оның ішінде ақпараттық бағдарламалар, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтарын бұзу, кәсіпкерлік қызметке әкімшілік кедергілер жасау жағдайлары әлі де орын алуда. Сондай-ақ, зерттеу барысында Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын сотта қорғаудың негізгі мәселелері анықталды, мысалы, соттардың шамадан тыс жұмыс бастылығы, істерді қараудың ұзақ мерзімдері, құқықтық сауаттылықтың төмен деңгейі және сот шешімдерін орындаудағы мәселелер. Мамандандырылған экономикалық соттардың жұмысын жетілдіру, дауларды шешудің баламалы әдістерін (медиация және төрелік) дамытуды, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен ақпараттық ресурстар арқылы кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын күшейтуді қоса алғанда, осы мәселелерді шешу жолдары ұсынылды. Бұл ұсыныстарды енгізу Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған шаралардың кәсіпкерлердің сот арқылы қорғалуын жақсарту, сот жүйесіне деген сенімді арттыру және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау үшін

тікелей қолданылу мүмкіндігі жүргізілген зерттеудің тәжірибелік құндылығын көрсетеді. Жұмыстың ғылыми құндылығы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерін, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және білім беру аспектілерін шешудің кешенді тәсілін әзірлеу. Зерттеу нәтижелері заңнамалық және сот тәжірибесінде, сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары үшін, сондай-ақ кәсіпкерлермен жұмыс істейтін құқық қорғау ұйымдары мен кеңесшілер үшін пайдалы болады деген сенімдеміз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданды. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 2 «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының № 217 А (III) резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
- 3 «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022\\_2](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2)
- 4 Акчурина А.Р. Способы защиты прав малого предпринимательства в РФ / А.Р. Акчурина // Историческая и социально-образовательная мысль. — 2014. — № 6–2. — С. 199–202.
- 5 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
- 6 Яковлев В.Ф. Арбитражные суды России с позиций европейских правовых норм [Текст] / В.Ф. Яковлев // Журнал российского права. — 1997. — № 7. — С. 11.
- 7 «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы № 803 Жарлығына түсініктеме. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/T020000803>
- 8 Мороз С.П. Предпринимательское право Республики Казахстан: Курс лекций / С.П. Мороз. — Алматы: КОУ, 2008. — 308 с.
- 9 Идрышева С.К. Конституционный принцип судебной защиты и его реализация на практике / С.К. Идрышева // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». — 2024. — Т. 29. — Вып. 1(113). — С. 14–22.
- 10 Белявская О.Я. Конституционное право человека и гражданина на судебную защиту: понятие, проблемы реализации: дис. ... канд. юрид. наук / О.Я. Белявская. — СПб., 2007. — 199 с.
- 11 Карасев Р.Е. Судебная защита: понятие, значение, место в системе защиты прав и свобод человека и гражданина / Р.Е. Карасев // Право и политика. — 2013. — Т. 11. — С. 1511–1519.
- 12 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
- 13 Нурмагамбетов А.А. Способы публично-правовой и частноправовой защиты прав и законных интересов предпринимателей / А.А. Нурмагамбетов // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия «Право». — 2021. — № 1(134). — С. 63–75.
- 14 Сулейменов М.К. Защита гражданских прав по законодательству Республики Казахстан / М.К. Сулейменов // Защита гражданских прав: Материалы Международной научно-практической конференции в рамках ежегодных цивилистических чтений. Алматы, 13-14 мая 2005 г. — Алматы: НИИ частного права, КазГЮУ, 2005. — С. 8–28.

Г.Б. Асетева, Г.А. Ильясова

### Проблемы судебной защиты прав предпринимателей

Статья посвящена анализу судебной защиты прав предпринимателей в Республике Казахстан. Право на судебную защиту является одним из основных прав, закрепленных в Конституции Республики Казахстан. Для субъектов, занимающихся предпринимательской деятельностью, важна эффективная судебная защита, поскольку она обеспечивает не только осуществление права на защиту от противоправных действий государственных органов и иных субъектов, но и стабильность предпринимательской деятельности в условиях рыночной экономики. Актуальность исследовательской работы обусловлена растущей критикой со стороны предпринимателей на долгосрочные судебные процессы, перегруженность судов, проблемы исполнения судебных решений, а также низкий уровень правовой грамотности. Целью статьи является выявление проблем судебной защиты прав предпринимателей Казахстана и нахождение путей их разрешения. Задачами исследования являются анализ правовых положений, изучение судебной практики, а также выработка рекомендаций по улучшению правовой



среды для предпринимательской деятельности. В работе рассмотрены основные вопросы, связанные с защитой прав предпринимателей, включая совершенствование альтернативных методов разрешения споров, повышение правовой грамотности предпринимателей и совершенствование судебной системы в целом. Результаты исследования имеют практическую ценность и могут быть интересны правозащитникам, государственным органам, взаимодействующим с предпринимателями, а также субъектам предпринимательской деятельности. Они могут способствовать улучшению бизнес-среды и усилению правовой защиты.

**Ключевые слова:** предприниматель, предпринимательская деятельность, защита прав предпринимателей, предпринимательское право, судебная защита, суд, бизнес, права и свободы, субъект предпринимательской деятельности.

G.B. Assetova, G.A. Ilyassova

## Problems of judicial protection of the rights of entrepreneurs

The article is devoted to the analysis of judicial protection of the rights of entrepreneurs in the Republic of Kazakhstan. The right to judicial protection is one of the fundamental rights enshrined in the Constitution of the Republic of Kazakhstan. Effective judicial protection is important for entities engaged in entrepreneurial activity, since it ensures not only the exercise of the right to protection from illegal actions of state bodies and other entities, but also the stability of entrepreneurial activity in a market economy. The relevance of the research work is associated with the growing criticism from entrepreneurs of long-term litigation, the overload of courts, the problems of execution of judgements, as well as the low level of legal literacy. The purpose of the article is to identify the problems of judicial protection of the rights of entrepreneurs in Kazakhstan and to find ways to solve them. The objectives of the study are the analysis of legal provisions, the study of judicial practice, as well as the development of recommendations for improving the legal environment for entrepreneurial activity. The main issues related to the protection of the rights of entrepreneurs, including the improvement of alternative methods of dispute resolution, the increase in the legal literacy of entrepreneurs and the improvement of the judicial system as a whole are considered in the research. The results of the study have a practical value and may be of interest to human rights defenders, government agencies interacting with entrepreneurs, as well as to subjects of entrepreneurial activity. They can contribute to improving the business environment and strengthening legal protection.

**Keywords:** entrepreneur, entrepreneurial activity, protection of entrepreneurs' rights, entrepreneurial law, judicial protection, court, business, rights and freedoms, subject of entrepreneurial activity.

### References:

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. Konstitutsiia 1995 zhyly 30 tamyzda Respublikalyq referendumda qabyldandy [Constitution of the Republic of Kazakhstan. Constitution adopted on August 30, 1995 at the republican referendum.]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh].
- 2 «Adam qyqyqtarynyn zhalpyga birdei deklaratsiiasy» Deklaratsiia Birikken Ulttar Uiymy Bas Assambleiasynyn № 217 A (III) rezoliutsiiasymen 1948 zhyly 10 zheltoqsanda qabyldangan [“Universal Declaration of Human Rights” adopted by the resolution 217 A (III) of the United Nations General Assembly on 10 December 1948.]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [in Kazakh].
- 3 «Adilet memleket. Birtytas ult. Berekeli qogam» atty Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн 2022 zhyly 1 qyrkuiektegi Qazaqstan khalqyna Zholdaу [“A just state. One nation. A Prosperous society”, Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan titled dated September 1, 2022.]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022\\_2](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2) [in Kazakh].
- 4 Akchurina, A.R. (2014). Sposoby zashchity prav malogo predprinimatelstva v RF [Ways to protect the rights of small businesses in the Russian Federation]. *Istoricheskaya i sotsialno-obrazovatel'naya mysl — Historical and socio-educational thought*, 6-2, 199–202 [in Russian].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi. 2015 zhyly 29 qazandagy № 375-V QRZ [“Entrepreneur Code of the Republic of Kazakhstan”, The Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 № 375-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> [in Kazakh].
- 6 Yakovlev, V.F. (1997). Arbitrazhnye sudy Rossii s pozitsii evropeiskikh pravovykh norm [Arbitration courts of Russia from the perspective of European legal norms]. *Zhurnal Rossiiskogo prava — Journal of Russian Law*, 7, 11 [in Russian].
- 7 «Mamandandyrylgan audanaralyq ekonomikalyq zhane akimshilik sottardy qyru turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidenti Akimshiligi Memlekettik-quyq boliminin Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2002 zhyly 9 aqandagy № 803 Zharlygyna tysinikeme [“On the formation of specialized inter-district economic and administrative courts”, Commentary of the State Legal Department of the Presidential Administration of the Republic of Kazakhstan to Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 9, 2002 No. 803]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/T020000803> [in Kazakh].



- 8 Moroz, S.P. (2008). *Predprinimatelskoe pravo Respubliki Kazakhstan [Business law of the Republic of Kazakhstan]*. Almaty [in Russian].
- 9 Idrysheva, S.K. (2024). Konstitutsionnyi printsip sudebnoi zashchity i ego realizatsiia na praktike [The constitutional principle of judicial protection and its implementation in practice]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Pravo» — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 29, 1(113), 156 [in Russian].
- 10 Beliavskaia, O.Ya. (2007). Konstitutsionnoe pravo cheloveka i grazhdanina na sudebnuiu zashchitu: poniatie, problemy realizatsii [The constitutional right of a person and citizen to judicial protection: concept, problems of implementation]. *Candidate's thesis*. Saint Petersburg [in Russian].
- 11 Karasev, R.E. (2013). Sudebnaia zashchita: poniatie, znachenie, mesto v sisteme zashchity prav i svobod cheloveka i grazhdanina [Judicial protection: concept, meaning, place in the system of protection of human and civil rights and freedoms]. *Pravo i politika — Law and politics*, 11, 1511–1519 [in Russian].
- 12 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq protsestik kodeksi. 2015 zhylgy 31 qazandagy № 377-V QRZ [“Civil procedural code of the Republic of Kazakhstan”, Code of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2015 № 377-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> [in Kazakh].
- 13 Nurmagambetov, A.A. (2021). Sposoby publichno-pravovoi i chastnopravovoi zashchity prav i zakonnykh interesov predprinimatelei [Methods of public and private law protection of the rights and legitimate interests of entrepreneurs]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya «Pravo» — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series*, 1(134), 63–75 [in Russian].
- 14 Suleimenov, M.K. (2005). Zashchita grazhdanskikh prav po zakonodatelstvu Respubliki Kazakhstan [Protection of civil rights under the legislation of the Republic of Kazakhstan]. *Zashchita grazhdanskikh prav. Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii v ramkakh ezhegodnykh tsivilisticheskikh chtenii (13-14 maia 2004 goda) — Proceedings of the International Scientific and Practical Conference within the framework of the annual Civil Readings* (pp. 8–28). Almaty: Nauchnyi Issledovatel'skii Institut chastnogo prava, Kazakhstanskii Gosudarstvennyi Yuridicheskii Universitet [in Russian].

#### Information about the authors

**Assetova Gulnur Bakytovna** — Master of Law, 3rd year Doctoral Student of the Department of Civil and Labor Law, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: [gulnur\\_asetova@mail.ru](mailto:gulnur_asetova@mail.ru),

**Ilyasova Gulzhazira Aktureevna** — Candidate of Juridical Sciences, Full Professor, Research Professor at the Department of Civil and Labor Law, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: [g.ilyasova@mail.ru](mailto:g.ilyasova@mail.ru).